





Көк жүзіне алаулы,  
Міндет емес ай болу.  
Ең бастысы қалаулы,  
Кәсібіңе сай болу!





**Профессия- латын сөзінен шыққан “professio”- анықталған іс, мамандық дегенді білдіреді. Мамандық- қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Мамандық таңдау- тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау.. Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс.**





**Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Сондай- ақ өз мамандығының 10-20 жылға дейін өз сұранысын жоғалтпауына көңіл бөледі. Бұл мамандықтарға деген бірқалыпты тұрақты сұраныс деп аталады. Өзінің сұранысын, қызығушылығын жоймаған кең тараған мамандықтарға дәрігер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын атап өтуге болады. Ал, өзекті мамандықтар қатарына жоғары технология, байланыс, коммуникация, әлеуметтік орта, экономиканы басқару мамандықтары және еңбек сұранысына қажетті жаңа мамандықтары жатады. Қоғамның дамуында біздің өңірде, қазба-байлықтарын игеретін мамандық иелері қажет.**


суретші  
художник  
artist (painter)



ушқыш  
лётчик  
pilot



муғалім  
учитель  
teacher



4

өрт сөндіруші  
пожарный  
fire fighter




шаштараз  
парикмахер  
hairdresser



6

дәрігер  
врач  
doctor



8

слесарь  
слесарь  
locksmith



музыкант  
музыкант  
musician




20

полиция  
қызметкері  
полицейский  
police officer



18





**Мамандық таңдауда адамның психологиялық ерекшеліктері мен болашақ жұмысының мазмұны арасындағы байланыс маңызды рөл атқарады. Кез – келген мамандық адамның бойындағы сол мамандыққа сәйкес келетін «кәсіби маңызды қасиеттердің» болуын талап етеді. Адамның қандай психологиялық типке жататынын «Сандық кәсіптік бағыт беру» тесті бойынша анықтауға болады.**

## Сандық кәсіптік бағыт беру тесті

**Нұсқау: төмендегі кестедегі әр жұптан /1-2, 3-4, 5-6, 7-8/ бір санды таңдап алып, сандық нөмірін жазып алып отырыңыз.**

1. Сіздің жұмыс қабілетіңіз үнемі бірқалыпты /анық себептерге байланысты ғана өзгереді/.
2. Сіздің жұмысқа қабілетіңіз көңіл – күйге байланысты өзгеріп тұрады.

3. Келеңсіз жағдайлар мен дау – жанжалдардан себеп іздеп әуре болмайсыз. Ақыл – ойыңызды сезіммен ұштастыра білесіз.

4. Жақсы қарым – қатынасты бұзып алмас үшін келісімге келе саласыз. Сіз адамдар арасындағы сезім, өзара қарым – қатынасты бағалайсыз.

5. Сіз – реалист адамсыз. Бос қиялды ұнатпайсыз. Өзіңізге сенімді, ісіңізге берік адамсыз.

6. Болашақты елестете білесіз, өткенді жиі еске аласыз, жақсылыққа, өзгерістерге ұмтыласыз.

7. Ұстамдысыз. Әр нәрсенің соңын күтесіз. Қарым – қатынаста бастамашылық көрсете алмайсыз.

8. Жаңа адамдармен тез тіл табысып кетесіз. Таныстарыңыздың санын көбейтуге тырысасыз.



# Қандай психологиялық типке жататыныңызды төмендегі сандар бойынша табасыз

**1357**

***Интроверт - тұйық***

«ИНСПЕКТОР» Техникаға бейім. Инструктор, контролер, құжаттарды толтыру, салық инспекторы, тергеуші бола алады. Адамдардың жеке бас қабілетін ескеру, жағдайға байланысты өзгерістерге тез бейімделу, кейбір маңызды істерде жұмсақтық

**1358**

***Экстрроверт – ашық***

«АДМИНИСТРАТОР» Экономист, банктің несие бөліміндегі жұмыстар, хатшылық жұмыс, техникалық, құрылыс, ауыл шаруашылығы, фермерлік жұмыс. Жағдайға байланысты өз мінез – құлқын өзгерту, адамдармен қарым- қатынаста жұмсақтық.

**1367**

***Интроверт - тұйық***

«САРАПТАМАШЫ» Жүйелі сараптауды қажет ететін салалардың бәрінде жұмыс жасай алады.

Адамдармен қарым- қатынас жасай білу, пысықтылық қасиет.



**1367**

***Интроверт - тұйық***

«САРАПТАМАШЫ» Жүйелі сараптауды қажет ететін салалардың бәрінде жұмыс жасай алады. Адамдармен қарым- қатынас жасай білу, пысықтылық қасиет.

**1368**

***Экстрроверт – ашық***

**КӘСІПКЕР**

Жоғары температура қажет ететін жұмыстарға, іссапарлармен байланысты жұмыстармен айналысуға болады. Үнемі сырт келбетін, киімін күтіп жүру, адамдармен санасушылық және психологиялық түсінушілік.

**1457**

***Интроверт – тұйық***

Әлеуметтік сала

Медицина, денсаулық сақтау, әсіресе, стоматология, масса, медбикелік жұмыс, ине салу т.б. салалар. Өмірге позитивті көзқарас, сенімі және бағалауын тез өзгеріс, проблемаларды шешуде тың шешімдер қабылдай білу.

**1458**

***Экстрроверт – ашық***

«Энтузиаст» Жарнама, әлеуметтік сауалнама жүргізу, қызмет көрсету, сауда, әлеуметтік ғылыми, ұйымдастырушылық жұмыстар, жәрмеңке, демалыс, мерекелік кештерді ұйымдастыру.

Технологиялық қабілеттер, мерзім сақтауда анықтылық

**1467**

***Интроверт – тұйық***

«Гуманист» Жасөспірімдермен тәрбиелік жұмыстар, психотерапия, философты – гуманитарлы сала, портреттік, сюжеттік фотография. Істерде бастамашылық білдіру, тосын жағдайда тез шешім қабылдай білу, жинақтылық, ұйымдастыру қабілеті.

**1468**

***Экстрроверт – ашық***

«Тәлімгер» Гуманитарлық сала, өткізу немесе қамсыздандыру агенті, өнер салалары.

Айналасына объективті, сезімталдықпен көзқарас, жағдайды дұрыс сараптай білу.

**2357**

***Интроверт – тұйық***

«Шебер» Шаруашылықты рационалды жүргізу, заттарды көркемдеу, шағын бизнес, жұмыс орындарын көркемдеу.

Аз өңделген жобаларды қабылдау, айналадағы оқиғаларға қатысу.



**2358**

***Экстраверт – ашық***

«Маршал» Адамадарды жақсы басқара біледі.Бойдағы қасиеттерді басқару, техника, әскери жұмыстарға баруына болады.

Барлық жағынан мұқият болу, қарым – қатынаста жұмсақтық, ымырашыл болу.

**2367**

***Интроверт – тұйық***

«Сыншы»

Қолданбалы ғылыми зерттеу жұмыстары, программалау, математика, физика, сараптама жұмыстары. Істе ширақтық, тосын жағдайларға жүректілік, шешім қабылдай алушылық, қонақжайлық, қамқоршылық.

**2368**

***Экстраверт – ашық***

«Ізденуші» Басқаларға тәуелсіз, өз бетімен болатын жұмыстар. Өзгеріске ұшырауы тиіс салалардағы жұмыстар.

Тұрмыста, жұмыс орнында маңайын үнемі тәртіпке келтіріп отыру. Жұмысын сапалы орындалуын қадағалау.

**2457**

***Экстраверт – ашық***

«Делдал» Әлеуметтік салада өзін толық көрсете алады.Аз мөлшердегі сауда, менеджер, жарнама, баспа т.б салаларда жақсы жұмыс атқара алады. Үнемісікерлік белсенділік, үлкен ұжымды басқару, міндеттерді бөле білу, тәуекелділікті қажет ететін жағдайлар.

**2458**

***Экстрове́рт – ашық***

«Саясаткер» Көпшілік мәдени іс – шараларды ұйымдастыру және өткізу, көңіл көтеру салалары, эстрада. Істі ұйымдастыра білу, міндеттерді дұрыс бөле білу, уәделерін орындау.

**2467**

***Интроверт – тұйық***

«Лирик» Аз адамдармен сыпайы түрде араласатын жұмыстарды атқарады. Олардан жақсы хатшылар, аудармашылар, әдебиетшілер, журналист, редакторлар шығады. Күнделікті жоғары жұмыс қабілеттілігі, жағдайды жақсы сараптай білу, үлкен ұжымды басқара білу, міндеттерді бөлу.

**2468**

***Экстрове́рт – ашық***

«Кеңесші» Гуманитарлық сала, педагогика, жанұялық психологиялық кеңес беру, таныстыру қызметі, жарнама. Істі сапалы жасау, құжаттарды тиянақты жүргізу, дау – жанжалды жағдайларда өзін ұстай білу.



Мәңгі алаулап жану үшін ғаламда,  
Үлкен бақыт табу үшін ғаламда.  
Үлкен болып қалу үшін ғаламда,  
Үлкен арман керек екен адамға!

